

арқылы ұсталып тұрады.

«Москвич» автомобилінің қозғалтқышының клапандары 1 екі қатарлы болып орналасқан, таратқыш біліктің жұдырықшасынан 4 күйенте 9 арқылы іске қосылады. Клапандардың жылу саңылауы, сфералы ұштыққа 8 жалғанған контрсомынды 6 реттеуіш бұранда 5 арқылы реттеледі.

Алдыңғы жетекті ВАЗ–2108 «Спутник», ВАЗ–2109 қозғалтқыштарында таратқыш білік жеке корпусқа 10 орнатылып, цилиндрлер бастиегінің 2 үстіне орналастырылады және клапандарға 1 арналған шойын ершік 14 пен бағыттауыш төлке 13 престеліп орнатылады.

Төлкенің жоғарғы бөлігі металлрезиналы майқайтарғыш қалпақшамен 12 тығыздалады. Клапандардың 1 ашылуы, жұдырықшадан 4 тікелей цилиндрлі түрткіштер 15 арқылы басқа рычагтардың көмегіменсіз іске қосылады. Түрткіштердің ұясында шайба 11 бар, онымен клапан механизмінің h саңылауын ретке келтіреді.